

**6D071200 - «Машина жасау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)  
дәрежесін алуға ұсынылған Сулейменов Аңсаган Дюсембаевичтің «Сусымалы  
материалдарды ұсактауға арналған диірменді жасау және оның параметрлерін  
негіздеу» диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің  
ЖАЗБАША ПІКІРІ**

P/Н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен каржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атавы мен нөмірі);  2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атавы)</p> <p><b>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Ұкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми- техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</b></p>	<p>Докторанттың диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасы Ұкіметінің жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиямен бекітілген (2023 ж. 28 қыркүйек) ғылымды дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған басым бағыттарына, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының өндеу өнеркәсібін дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының мақсаттарына және Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму тұжырымдамасына сәйкес келеді.</p>
2.	Фылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі <u>үлесін қосады</u> /коспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс кен байыту, құрылыш, химия, энергетика және т.б. салаларында сусымалы материалдарды майдалап ұнтақтаудың тиімділігін арттыру бойынша ғылымға елеулі үлесін қосады. Ғылымға қосқан үлестің маңыздылығы диссертацияда толық ашылған. Диссертациялық жұмыста сусымалы материалдарды ұсактаудың жана тәсілі ұсынылып, бұл әдісті жүзеге асыру мақсатында диірменнің жаңа құрылышы жасалып, оның параметрлері негізделді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Ізденушінің жеке жұмыс жасау деңгейі жоғары дәрежеде. Ізденуші өзін жоғары білікті ғылыми қызыметкер ретінде көрсете отырып, зерттеу тақырыбын жақсы менгерген. Ізденушінің жеке өзі жұмыс жасауының жоғары деңгейлігі - зерттеу нәтижелерімен, жарияланымдардың жеткілікті санымен және сапасымен, өндіріс пен оқыту процесіне енгізу актілерімен дәлелденген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық зерттеудің өзектілігі толығымен негізделген. Диссертациялық жұмыс құрылыш, кен-байыту, химия және т.б. өндіріс салаларында өзекті мәселелер болып табылатын майдалап ұнтақтаудың

			жеке мәселелерін шешуге және ұнтақтау процесінің тиімділігін арттыруға бағытталған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындаамайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертациялық зерттеудің тақырыбын айқындайды. Диссертация материалдары оның зерттеу тақырыбын толыктай әшіп көрсетеді және диссертацияның кіріспесінде, 4 негізгі бөлімінде, қорытындыда баяндалған. Оған қоса, диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалар бар.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертациялық жұмыс тақырыбына сәйкес келеді. Қойылған міндеттерге сәйкес диссертациялық жұмыстың бөлімдері анықталды.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жок	Диссертациялық жұмысты орындау кезінде ішкі бірлік қағидаты сакталған. Диссертацияның барлық бөлімдері бірбірімен логикалық жағынан толығымен байланысты және біртұтас құрылымдық сипатқа ие.
5.	Фылыми жаңаңышылдық принципі	4.5 Автор ұсынған жана шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бүріннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертациялық жұмыста автор қолданыстағы диірмендердің құрылымы мен сусыналы материалдарды ұнтақтау тәсілдерін сыни талдай отыра, жаңа майдалап ұнтақтаудың әдісін тауып, оны жүзеге асыру үшін ұнтақтағыштың жаңа конструкциясын ұсынады. Оларды теориялық және эксперименттік түрғыдан зерттеп негіздейді.
		5.1 Фылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстағы ғылыми нәтижелер мен ережелер толығымен жаңа болып табылады. Олардың жаңалығы ҚР-ның пайдалы модельге патентімен, Scopus базасына кіретін халықаралық рейтингтік басылымдардағы, ҚР-ның ЕрЖБ министрлігінің Фылым және жоғары білім саласындағы сапанды қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдардағы, халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарындағы ғылыми макалалармен расталды.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыста алғынған техникалық шешімдер мен ұнтақтау процесінің тиімділігін арттыруға бағытталған тәсіл толығымен жаңа және жеткілікті турде теориялық және эксперименттік зерттеу нәтижелерімен дәлелденген.

		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыста алынған техникалық шешімдер толығымен жаңа және негізделген, аналогтары жок. Техникалық шешім пайдалы модельге патентпен корғалған.
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	Барлық қорытындыларғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары боынша)	Диссертациялық жұмыстағы барлық алынған нәтижелер жеткілікті түрде негізделген.
7.	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қафидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді мей? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді	Ізденуші жүргізген теориялық және эксперименттік зерттеулер арқылы қорғауға шығарылатын ғылыми қағидаттарды толық дәлелдеді.
		7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыста <b>тривиальды</b> элементтер <b>жоқ</b> , аналитикалық және эксперименттік зерттеулерді жүргізу заманауи әдістер мен принциптерге негізделген.
		7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ	Барлық негізгі қағидаттар <b>жаңа</b> .
		7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кен	Диссертациялық жұмыс құрылыш, кенбайту, химия және т.б. өндіріс салаларында <b>кенінен</b> колданылу мүмкіндігі бар.
		7.5 Макалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың нәтижесінде Scopus деректер базасында индекстелетін журналда 1 макала, Қазақстан Республикасы Фылым және жоғары білім министрлігінің Фылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 3 макала, отандық және шетелдік халықаралық конференция материалдары жинағында 3 макала жарияланған және негізгі қағидаттар макалаларда дәлелденген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған акпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама накты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Ізденуші зерттеу әдістемесін таңдауды толығымен негіздеді.

		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды колдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol>	<p>Ізденуші ғылыми зерттеулердің заманауи тәсілдерін және материалдар кедегісі, теориялық механика, физикалық эксперимент, математикалық талдау және деректерді өндеу, интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып, зерттеу нәтижелерін алды.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандалықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol>	<p>Теориялық қорытындылар, ұнтактау процесінің теориялық моделі, анықталған тәуелділіктер, зандалықтар толығымен дәлелденген және эксперименттік зерттеулер арқылы расталған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Ізденуші тұжырымдаған маңызды мәлімдемелер қазіргі ғылыми-техникалық және патенттік әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Ізденуші жүргізген әдеби шолу пайдаланылған әдеби дереккөздердің жеткілікті санына сүйенеді.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol>	<p>Автор ұнтактау режимдерін басқару және ұнтактағыштың параметрлерін есептік негіздеуге мүмкіндік беретін майдалап ұнтактаудың теориялық моделі алынды.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану ықтималдығы жоғары. Жұмыс нәтижелері ары қарай даму перспективаларына ие және алдағы ғылыми зерттеулердің негізі ретінде, оған қоса сусындалы материалдарды майдалап ұнтактаумен байланысты техника аясында кеңінен колданылу мүмкін.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Практикалық ұсыныстар <b>толығымен жаңа</b>.</p>

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазудың сапасы <b>жоғары</b> . Диссертация түсінкті және кәсіби техникалық стильде жазылған.
-----	---------------------------	--	---

Диссертациялық жұмыс бойынша ескертулер:

- 1) Алынған регрессия теңдеуі бойынша дійрімненің негізгі параметрлерінің графикалық тәуелділіктерін көрсетуге болар еді.
- 2) Екінші бөлімде ұнтақтаудың теориялық майдалығын анықтау формуласын алу жолындағы түрлendіру жолын толығырақ ашып көрсету керек еді.

Бұл ескертулер ұсынымдық сипатқа ие және тұтастай алғанда жұмыстың құндылығын төмendetпейді.

Жоғарыда баяндалғандар негізінде Сулейменов Асқан Дюсембаевичке 6D071200 – Машина жасау мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын.

Ресми рецензент:

«Азаматтық авиация академиясы» АҚ,  
«Авиациялық техника және технологиялар»  
кафедрасының қауымдастырылған  
профессоры, PhD докторы

Бажаев Нурлан Аманкулович



КАДР БӨЛІМІ  
КӨШІРМЕ ДҮРІС

шешімдер 111  
Гүлшаттарова Еле  
шешім